



Еңбегі көптің өнбегі көп

Президент Солтүстік Қазақстан облысында көктемгі егіс науқанымен танысты



Суретті түсіргендер А.ДІСЕНБЕК, Е.УКІБЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары егіс алқаптарынан басталды. Президент көктемгі науқанмен танысу үшін «Дайындық Агро» ЖШС-ға қарасты алқапты аралап көрді.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Көктемнің әр күні —
жылға азық

Аталған шаруашылық дөңді, майлы дақылдар өсірумен және мал шаруашылығымен айналысады. Иелігінде 15,8 мың гектар егістік алқабы, 4,2 мың гектар жайылымдық жері бар. «Дайындық Агро» директоры Біржан Шәймерденов биыл бидайдың аустриялық «Тризо» сұрыбын егіп,

гектарынан 25 центнер өнім алады жоспарлап отырғанын айтты. Президент диқандардың экспорттық сұранысы жоғары дақылдарды өсіруге бейімделгенін атап өтіп, шаруалардың еңбегіне оң баға берді.

Президентке көктемгі егіс науқанының барысы жөнінде мәлімет берілді. Өңір басшысы Айдарбек Сапаровтың айтуынша, егістік алқаптарына минералды тыңайтқыш жеткізу, көктемгі егіс жұмыстарына техника сайлау, диқандарды жанар-жағармаймен

қамтамасыз ету ісі жоспарға сай орындалып жатыр. Биыл облыс бойынша 4,5 миллион гектар жерге егін егіледі, оның ішінде 3,2 миллион гектарға дөңді, дөңді-бұршақты дақылдар, 960 мың гектарға майлы дақылдар, 353 мың гектарға мал азығын, 34,1 мың гектарға картоп, 6,2 мың гектарға басқа да көкөніс түрлерін егу жоспарланған.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін егістік алқаптарын әртараптан-дырып, әлеуметтік маңызы бар дақылдарды көбірек егу мәселесіне ұдайы назар аударылады. Кейінгі жылдары облыста қарақұмық егу 3 есе, картоп, сәбіз, орамжапырақ секілді көкөністер алқабы шамамен 1,5-2 есе артқан.

(Соңы 2-бетте)

Сайлаудағы жеңісімен құттықтады

Мемлекет басшысы Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Өңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды президент сайлауындағы жеңісімен құттықтады. Мемлекет басшысы Түркия Республикасының 100 жылдығы қарсаңында өткен президент сайлауындағы Режеп Тайип Ердоғанның айқын жеңісі осы елді дамытуға қосқан зор үлесі және биік беделінің нәтижесі екенін атап өтті.

Президент бауырлас екі мемлекеттің сан ғасырлық ортақ тарихы мен мәдениетінің тамыры тереңде

жатқанын айтып, Түркиямен арадағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытуға дайын екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды биыл күзде түркі әлемінің рухани астанасы — Түркістанда өтетін Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық X саммитіне қатысуға шақырды.

Өз кезегінде Түркия Президенті Қазақстан басшысына алғысын айтып, бауырлас халықтың өсіп-өркендей беруіне тілектестік білдірді.

Президенттің жұмыс кестесі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 30 мамыр күні Ақордада бірқатар мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдайды.

Мемлекет басшысы 2 маусымда Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында өтетін екінші

«Орталық Азия — Еуропалық Одақ» саммитіне қатысады деп жоспарланып отыр.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің
акпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық
құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды
сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы
туралы келісімді ратификациялау туралы**

2021 жылғы 12 қарашада жасалған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің акпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 29 мамыр
№ 5-VIII ҚРЗ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

«Жер аманатына» адалмыз ба?

Президенттің игерілмей жатқан жайылымдық және заңсыз жерлерді ауыл тұрғындарына қайтарып беру тапсырмасы аясында «Аманат» партиясы және «Жер аманаты» комиссиясы мүшелерінің араласуымен Алматы облысында 44 мың гектардан астам жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Партия алдағы уақытта өңірдегі 220 мың гектардан астам жерді мемлекет меншігіне қайтаруды көздеп отыр.

Ұлбосын ИСАБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Ұлтарактай жерге зәру қарапайым халықтың мұң-зарына құлақ асқан «Аманат» партиясының хатшысы, «Жер аманаты» комиссиясының төрағасы Дәулет Кәрібек комиссияның өзге де мүшелерімен бірге Алматы облысының ауыл тұрғындарымен кездесіп, жайылым тапшылығы мәселесін талқылады. Кездесу барысында ауыл тұрғындары мен шаруа қожалықтарының басшылары жердің тозуы, дизель отынының қымбатшылығы, мемлекеттік субсидиялардың жетіспеушілігі, басқа да сыздауықтай солқылдап тұрған мәселелерді көтерді.

Күнкөріс көзіне айналған қараңқұраң малын үйден ұзатып жая алмаудың қиындығын қала маңындағы ауыл тұрғындары түгілі, бір кездері жайлау төсі мыңғырған

малға толған Райымбек, Кеген аудандарының тұрғындары да көріп келеді. Қазір аралап өтер болсаңыз, атакты Шалқоде, Қарқара жайлаулары гектарлап қоршалып, қала берді ор болып қазылып, көлік түгілі атты адам өте алмайтындай жасап тастаған. Алпауыт кәсіпкерлердің бұл қылығы байырғы ауыл тұрғындарының ашуына тиіп, «қан қысымын» көтереді.

Жайылымның жоқтығынан ауыл тұрғындарының малы қора маңынан қарыс қадам ұзай алмайтындығы жайында Райымбек ауданы Нарыңқол ауылының тұрғыны Ысқақ Өмірәлиев ашына жеткізді. Жакын маңдағы жер иелері жергілікті тұрғындардың малын өз аумағына өткізбейтіндігі, соған қарай жайылымдарды өздері де пайдаланбайтындығы ауыл азаматтарының ашу-ызасын тудырып отыр.

(Соңы 5-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Кешен күрмеуін шешу керек

2019 жылдың тамызында ел Президенті ұлт ұясы — Ұлытауға келді. Жошы хан кесенесіне барып тағзым етті. Халықаралық «Ұлытау-2019» туристік форумына қатысып, сөз сөйледі. Форумда сөйлеген сөзінде «Ұлытау туристік мекенге, демалыс аймағына әрі ұлы бабаларға тағзым ету орталығына айналуға тиіс» деп атап көрсетті. Сол жылдың 31 желтоқсанында Үкіметтің «Ұлық ұлыс — Алтын Орданың 750 жылдығына дайындық және оны мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» № 1059 қаулысы қабылданды. Қаулыда «Жошы хан» кесенесіне таяу туристік кешен салу көрсетілген. 2020 жылы кешеннің құрылысы басталып, бір жылда салынып бітті. 2021 жылдың қазан айында ел басшысы Жезқазғанға жұмыс сапары кезінде кешенді арнайы барып көрді.

Абдолла ДАСТАН,
«Egemen Qazaqstan»

Кешен туралы бірер сөз. Аумағы 2500 шаршы метрді құрайды. «Ақсақ құлан» — шағын сәулет нысандары мен күймелер, тулар, тұтқұырлар келген елдің назарын бірден өзіне аударады. Холдың кіреберісіндегі монитор арқылы келушілер кешеннің ішкі мазмұнымен, Жошы хан кесенесінің тарихымен таныса алады. Барлық мәлімет қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде жазылған. 3D форматындағы жеке бөлмеде ежелгі қала көріністерін тамашалап, деректі фильм көруге болады. Сондай-ақ экспозициялар мен демонстрацияларға арналған залдар, намазхана, буфет, шайхана, демалыс бөлмелері туристерге барынша қолайлы жағдай туғызады. Бір сөзбен айтқанда, кешен туристер үшін тартымды-ақ. Осы нысан салынғалы мұнда келушілердің саны арта түскені де байқалады. Дегенмен...



(Соңы 12-бетте)